ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 17 қаңтар №5165-24-00-2/3552 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.Рүстемнің,
сот отырысының хатшысы С.Кендирбаевтың қатысуында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түлкібас ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Түлкібас көрікті ел» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

ЖАУАПКЕР:
«EDIL MACHINERY (Еділ Машинери)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Р.Контаев.
Жауапкер өкілі А.Рамазанова.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Тараптар арасында 24 қазанда 2024 жылы №142 санды мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт жасалынған.

Келісім шарт күшіне енген күннен бастап 20 жұмыс күн ішінде (2024 жылдың 22 қарашасына дейін) жалпы сомасы 14 442 400 теңгеге тапсырыс берушіге 1 (бір) дана Автотиегіш шөміштік, жүк көтергіштігі 8000-12500 кг (бұдан әрі – Тауар) жеткізуге міндетті болған.

2024 жылы 8 қарашада жауапкер жеткізген тауар техникалық ерекшеліктерге сәйкес келмейтіні туралы акті жасалған, сондықтан тауар талап қоюшымен қабылданбаған.

Сондан соң жауапкер 2024 жылы 18 қарашада Шарт бойынша тауардың техникалық ерекшеліетерге сәйкес келмейтіні туралы кемшіліктерімен толық

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 24.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 02.04.2025, судья Рүстем Б. М., 07.04.2025
5165-24-3-1/3657

қанды келісіп, салмағы 10 065 кг, шиналарының өлшемі – 18,5PR12 техникалық құралды ұсына алмайтыны туралы жазбаша мәлімдеген.

Талап қоюшы жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған үшін оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қойған.

Жауапкер қарсы пікірінде талапкерге зиян келтіру ниеті болмаған және талап қоюшы залал шекпегенін көрсетіп, талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Талап қоюшының өкілі Р.Контаев, талап қоюды қуаттап, талап қою қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі А.Рамазанова, шарт бойынша жеткізілген тауар техникалық ерекшеліктеге сәйкес келмегенін, тауар қабылданған жоқ екенін көрсетіп, залалдың болмағанын негіздеп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Шарттың 5.3. және 5.4 тармақтарына сәйкес жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сай дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Шарттың 5.4. тармағында – шарттың 5.3. тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

Осы аталған талаптар бүгінгі күнге жауапкермен сақталмаған.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған, тауарды тапсырыс берушіге жеткізбеген. Жауапкер жеткізген тауардың сапасы шартта көрсетілген тауар сапасына, яғни техникалық ерекшеліктерге сай болмағандықтан талап қоюшы оны қабылдамаған.

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 24.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 02.04.2025, судья Рустем Б. М., 07.04.2025
5165-24-3-1/3657

Тауарды қабылдауды міндеттеуді дауламаған, Шарт бойынша тауардың техникалық ерекшеліетерге сәйкес келмейтіні туралы кемшіліктерімен келісіп жазбаша хат берген.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкерге тауарды қабылдамау туралы тиісті түрде хатпен ескерту берілген, алайда жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша өз міндеттерін тиісінше орындамаған. Шартты қолдану мерзімі 2024 жылы 31 желтоқсанда аяқталған.

Бүгінгі күнге дейін шарт бойынша тиісті тауарды қабылдап алу-беру актісі тараптармен жасалмаған.

Соның салдарынан талап қоюшымен өткізілген мемлекеттік сатып алу орындалмай, мемлекеттің мүддесіне зиян келтірілген.

Сот талапкердің осы талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп санайды.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223,226 – баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Түлкібас ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Түлкібас көрікті ел» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «EDIL MACHINERY (Еділ Машинери)» жауапкершілігі шектеулі серіетестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «EDIL MACHINERY (Еділ Машинери)» жауапкершілігі шектеулі серіетестігінен мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Б.Рүстем**

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 24.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 02.04.2025, судья Рүстем Б. М., 07.04.2025
5165-24-3-1/3657